



790922401098

ЖУМАГУЛОВА Нургуль Жарасовна,

«Болашақ» мектебі мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Шымкент қаласы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ӨЗІНДІК ӨРНЕГІ

Түйіндеме

Мақалада ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр – айтыс өнерінің түрлері, айтыс тақырыбының сан қилылығы, көтерген мәселесінің молдығы, шыншылдық қуатының күштілігі, көркемдік тартымдылығы қарастырылады.

Тірек сөздер: Айтыс, бәдік айтысы, қыз бен жігіт айтысы, дін айтысы, жұмбақ айтысы, жаратылыс дүниесі.

Қазақтың айтыс өнері ат жарысымен, балуандар күресімен пара-пар. Ақындар айтысы да жарыс. Бірақ, бұл – өнер жарысы, сөз сайысы. Академик – жазушы М.Әуезов айтқандай, «Айтыс – сөз барымтасы».

Ертеде жазу өнері болмаған кезде қазақ халқының әдебиетінің негізгі бір саласы айтыс өлеңдері туды. Айтыс екі адамның сөз қағыстыруы, сөз жүзінде тартысуы, дауласуы, жарысуы, сынасуы, өнер салыстыруы деген ұғымды қамтыған. Айтыс қара сөз түрінде де, өлең түрінде де болған. Әдебиет көлемінде өсетіндері және әдебиеттік жанрдың бірі болып табылатыны да – осы өлең түрінде айтылған айтыстар.

Қазақтың айтыс өлеңдері халықтың қоғамдық өміріне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты және жазу өнері болмаған кезінде туып қалыптасқан. Оны тудырғандар да, дамытқан да ақындар болған.

Бұл жағдай тек қазақта ғана емес, ол қазақ пен ағайындас және бір кезде тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, қоғамдық өмірі ұқсас келетін қырғыз түрікпен, қарақалпақ тағы басқа халықтарда да айтыс болған. Тайлағандар кезінде сератриялардың өзара бәсекелесуі, ритуалды тартысуы, өзара келемеждесуі салты егіз аталардың өзара бәсекелесуін, өзара тартысуын иллюстрациялау қажеттілігінен туған болатын. Ал тайпалық одақтар пайда болған дәуірде жаңа құдандаласқан рулардың аталары бөлек болған. Тайпалар одағы көлемінде өтетін тайлағандар кезінде құдандалы рулардың ритуалдарын бұрынғы салт бойынша өткізетін мифологиялық ортақ негіз болған жоқ. Сол себептен экзогалдық ритуал өзара неке қатынастары бар рулар арасындағы өзара мін мінесу, сөзбен қақтығысумен шектелетін болды.

Демек, неолиттің аяқ кезінде және қола дәуірінде экзогамды рулар арасындағы ритуалды қақтығыстар бұрынғы мифологиялық ортақ негізден айырылып, айтыстың негізгі сапасын – өз руын мақтап, қарсы рудың кемшіліктерін айтуды қалыптастыра бастады.

Дәстүрлі айтыс өнері – халқымыздың ежелден келе жатқан ауыз әдебиеттік мол мұрасының бірі.

С.Мұқанов «Айтыс» жинағының бірінші томында жазған алғы сөзінде бұл атаудың кейде «талас» мағынасында ұғылатынын да айтқан еді. Алайда екі адам арасындағы талас, жанжал – әдеби жанр, көркем де көрікті ойға құрылған нағыз ақындар айтысы бола алмаса керек.

XIX ғасырда айтыс поэзиясы өзінің кемеліне жетіп, жеке айтушылар туады.

Біздіңше, ақындардың «ақын» деп аталуының себебін олардың өзге фольклор өкілдеріне ұқсамайтын өзгешеліктерінен іздеу керек сияқты. Ол қандай өзгешелік? Ақындарды жыраудан да, жырышдан да айыратын негізгі өзгешелік – айтысқа түсуі.

Қазақ тұрмысының жағдайында, жазба әдебиет тумаған кезде ақынға «ақын» деген атақ әперетін ең басты поэзия «айтыс» болған. Ақын болу үшін ақынға өзінің ақындық күшін көп алдында таныту керек: ақындығын таныту үшін ақын болғысы келген адам, бұрын ақын деп танылған біреумен ақындығын жарыстырып, көптің сынына түседі. Егер осы жарыста көптің сынына толса, оған көпшілік ақындық атақ тағады да, сынға толмаса ақын деп танымайды», - деп жазады С.Мұқанов.

Кейбір жұмбақ айтыстардан бір нәрсені жұмбақтап айтушының да, оны шешушінің де өмір құбылыстарын өте көп білетіндігіне таң қаласың. Жұмбақ неғұрлым қиыннан қиысқан сайын, соғұрлым ол кейінірек шыққандығын дәлелдейді.

Сол тәрізді салт айтысының бір түрі саналатын ақындар айтысы айтыстардың басқа түріне қарағанда, анағұрлым кеш туған айтыс екені сөзсіз.

Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл-күйі мен өнер сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынарудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз.

Әсіресе бұл – XIX ғасырда етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар: Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Біржан, Сара т.б. түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлеңдерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған.

Кеңестік заман тұсында молайып өскен айтыс әр облыстарда жалпы көпшілік қолданатын жанр еді. Сол дәстүр кеңейіп, енді қыз бен жігіт, кәрі мен жас кездескен жерде кеңестік ұлы мереке тойларда, жай сауық жиындарда көп айтыстар бола береді. Сондағы ірі мағыналы айтыстардың бәріндегі басым күй: жаңа өмір, жаңа дәуірдегі ел тұрмысының әр түрлі көрінісі туралы болады.

Арнаулы айтыстарда жарысқа түсетін атақты ақындар ғана емес, халық сауығында өз күштерін жаңа сарапқа салып жүрген жас талаптар да өз айтыстарының қызықты, қадірлі мазмұны етіп қоғам мүддесін, кеңес заманын жыр етеді. Бұрынғыдай кертартпа, рушылдықтың кеңестік айтыстарда ізі, елесі де жоқ.

Айтыс жанрының ең мол өріс алып дамыған кезеңі – Ұлы Отан соғысы кезеңі. Біраз жылдар бәсеңдей бастаған айтыс дәстүрін ең алдымен Қарағанды ақындары қайта жаңғыртты да, кейіннен бұл күллі Қазақстан жерінде қолға алынып, кең көлемде өрістеді. Айтыстың дәл осы сын-сағатта, халық басына қысылтаяң, қиын күн туып тұрған кезеңде жандана кетуі, ел ақындарының айтыс өнері арқылы жедел көмекке шығуы кездейсоқ елес еді.

С.Мұқанов айтыстың: жар-жар, қайымдасу, жұмбақ айтыс, дін айтысы (оның ішінде бәдік айтысы мен шариғат тақырыбындағы айтыс) сияқты түрлерін осы жанрдың ең көне түрлері деп таныған.

Бұл – нағыз ақындық айтыстың төменгі сатысы іспетті. Айтыстың ең жетілген, әрі күрделі түрі – «Сүре айтыс».

Айтыс қазақта ғана емес, сонымен қатар біршама өзге халықтардың рухани тіршілігінің тарихынан орын тауып отыр.

Алайда оның нағыз өнер биігіне көтере алған және қазіргі күнге шейін сақтап келе жатқан тек қазақ халқы мен қырғыз, таилер ғана. Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркем өнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, әні де, өлеңі де, оны шығару да, орындау да, қимыл деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Ал ақындар айтысының қолда бар нұсқаларына қарағанда XVIII-XIX ғасырларда айтыс жанры кең өріс алып, ақындар әр рудың атынан айтысқа түсіп, әрқайсысы өз руының туын жоғары ұстауға тырысқан.

Әсіресе бұл – XIX ғасырда етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар: Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Табия, Мұрат, Біржан, Сара, тағы басқа түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлеңдерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған.

Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Тек қазақта ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс қазір өзінің жанрлық қасиетін, түрін қазақ әдебиетінде ғана сақталып қалып отыр.

Қазақтың ауыз әдебиетінде айтыстың бірнеше түрі бар:

1. Бәдік айтысы
2. Жар-жар айтысы
3. Жануарлар мен адамның айтысы
4. Өлі мен тірінің айтысы
5. Ақындар айтысы.
6. Осы күні айтыстар.

Бұл айтыстардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі және өзіндік мәні бар.

Бүкіл цивилизациялық дамудың ошағы болған, күллі кереметтердің Отанына айналған – Шығыстың ұлы энциклопедист ғалымы Әбуғали ибн Сина дәрігерлік пен ақындық жөнінде:

«Сұңқардың көзіндей, қыз саусағының жұмсақтығындай, жыланның сақтығындай, арыстанның жүрегіндей дәрігер денсаулық періштесі ғой, ал ақын болса – сөз тәңірісі, ең сұлу сөзімен емдейді. Дәрігер өзінің ынтасымен, ықыласымен, мейірімімен тәнді сауықтырады ғой» деген.

Біз былай дер едік: «Тәңірдің ақыны – дәрігер, жанның дәрігері – ақын».

«Дүниеге бір сызат түссе, ол алдымен ақын жүрегі арқылы өтеді. Күллі әлемдік қақтығыстар мен шарпылыстардан ақын жүрегіне күніне бір емес, мың сызат түседі. Дүниенің қуанышы мен қайғысын домбыраның шанағына сыйғызып, «егіз туған екі шекпен» жеткізу – ерлік қой. Ерлік болғанда да, арғысы Шыңғыс хан, бергісі – «тарихи тирандардан» ығыспаған ерлік».

Халқымыздың бүгінгі күні өзіндік эстетикалық-қоғамдық қуатқа ие болып, мазмұны өзгеріп, идеясы айқындалып отырған айтыс өнері жайында ғана.

Айтыс жас ұрпақтың бойында ұлттық мұраттарды дүниежүзілік рухани қазынамен ұштастыру арқылы қалыптастыратыны белгілі. Дегенмен жеткіншек ұрпақтың жалпы дамуына пәрменді ықпал оның жан дүниесін байытып, ой-өрісін өсіретін айтыс өнерін тәрбие жүйесінде қолдануда. Кемшіліктер кездесіп отыр. Айтыс тіптен болмаса, этникалық тамырлардан жас ұрпақтың мүлдем қол созып қалуына әкеліп

соқтырады. Айтыс өнерінің дағдыларын оқушылар бойына жүйелі қалыптастыру жолдарына жол сілтейтін үлкен өнердегі асыл қазына.

Айтыс өлеңдерін, әдебиеттік жағынан қарастырғанда, мазмұны мен тақырыбына қарай екі түрге бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына қарай бөлінеді. Ал, екіншісі – ақындардың шын мәніндегі өзара айтысы. Қазақ айтысының күрделі де қомақты бөлігін осы айтыс түрі құрайды.

Алғашқы үлгідегі айтыс өлеңдері халқымыздың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына сай туындаған. Ол міндетті түрде халықтың жиналған жерінде, яғни той-тамаша, ойын-сауық үстінде шығарылатын болған және оны шығарушы ақындар болған. Бұл айтыстардың өзіндік ерекшелігі болған, себебі, ол жалпы айтыс өлеңдерінің алғашқы, бастапқы үлгісі болып табылады. Бастапқыда ол ойын-сауық ретінде жиналған халықтың көңілін көтеру, күлдірту мақсатынан туындаған. Өлең құрылысы жұрттың жаттап алып айта беруіне ыңғайлы болған. Айтыстың мұндай түрінде, нағыз ақындар айтысының үлгісіндегідей, тың тақырып, күрделі де көкейкесті әңгімелер, көкіректі жарып шыққан ой түйіндері мүлдем кездеспейді, керісінше, жеңіл-желпі сөз, әзіл-оспақ, ойын түрінде болып келеді. Тағы бір ерекшелігі – бұл айтыста халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпына байланысты туған әртүрлі ұғымдар мен түсініктері біте қайнасқан.

Әрине, бұны сол кездегі халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына байланысты туған айтыстың кемшілігі деп қарастырмау керек. Керісінше, ол – айтыс өлеңдерінің дүниеге қалай келіп, өзінің алғашқы қалыптасу барысында нендей тақырыпқа тоқталып, нені сөз еткендігі жайында аңғартып, мағлұмат беретін басты ерекшелігі деп қарастыру керек. Айтыстың дәп осы түрін жалпы айтыс өнерінің әдебиеттен алар орнын көрсетіп, ақындар айтысының өніп, өрбіп шығуына себеп болған, үлкен жанр ретінде танылудың негізін қалаушысы, бастамасы болған түйткі ретінде бағалау қажет!

Айтыстың бұл түрін мазмұнына қарай бірнеше салаға бөліп қарастыруға болады. Олар: «жар-жар», «бәдік айтысы», «қыз бен жігіт айтысы», «дін айтысы», «жұмбақ айтысы» деген бастапқы тақырыптарға бөлінеді. Мұндағы «жар-жар» мен «бәдік айтысы» айтыс өлеңдерінің ішіндегі ең көне, ескі үлгілері қатарында болып саналады.

Қалған «қыз бен жігіт айтысы», «дін айтысы», «жұмбақ айтысы» болып саналатын айтыс түрлері халықтың жиналған жерінде жұртты көңілдендіру, сергіту, ән мен жыр қызығына толтыру мақсатында көбірек қолданылған айтыс түрлері болса керек.

Қазақ даласына ислам діні таралғаннан бастап, (тарихтағы келтірілген деректер бойынша XVII ғ. бері) қожа – молдалар, басқа да дін иелері ислам дінін уағыздап, үгіт-насихат жасау үшін поэзияның қосар үлесі мол екендігін біліп, оны тікелей пайдалануға кіріскен. Осы мақсатпен әсіресе айтысты көбірек пайдаланған. Міне осылай «дін айтысы» пайда болған. Әрине ол қайсы бір ақынға келіп «дін» туралы айтысасындар деп қолқа салу емес, ол үшін алдын-ала өздері жалдамалы ақындарға уағыз айтып, көпшілікке ақын тілі арқылы діни үгіт – насихат жүргізіп отырған. Олар жұрттың жиналған жеріне үгіт-насихатты тереңірек жүргізу үшін екі ақынға да алдын-ала дін жайында не айтуды, кімдер туралы және қалай айтудың үлгілерін тапсырып қойған. Міне, осындай «саясаттың» негізінде діни тақырыптық айтыс түрі туған.

Айтыстың бұл түрі екі ақынның сөз жарысынан гөрі бір-біріне берген сұрақ-жауабына көбірек келеді. Айтыстың аты айтып тұрғандай, оның негізгі тақырыбы – дін жайындағы әңгімелер, үгіттер болады. Жиналған барша халықты дін жолына түсіру, діни ұғымдарға иландыру, діни наным-сенімдерді ұстануға жетелеу, үйрету сияқты мақсаттарды көздеген. Бәріне тек бір ғана жаратушы ие «Алла тағаланың» күшіне сену, намаз оқу, ораза ұстау, құран жолымен жүру, пітір-садақа беріп тұру керектігі және тек осыны ұстанған адамдар ғана «жұмақ төрінен» орын алатынын, ал бұған қарсылық білдіріп, сенімсіздік артқан «дінбезерлерді» «тозақ» оты күтіп тұратындығын сөз ететін болған. Қарапайым халыққа жай сөзбен үгіт жүргізгеннен гөрі, олардың сүйікті поэзиясын қолдану қожа-молдалар үшін дін насихатының құралы ретіндегі бірден-бір таптырмас жол екендігі байқалады.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына байланысты туған айтыс өлеңдерінің қай-қайсы болмасын, олар кейінгі туған үлкен айтыстардың, нақтырақ, ақындар айтысының бастамасы, негізгі тірегі, ұйытқысы болып табылатыны хақ.